

Г. А. Джандарбеков, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының магистранты, полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша дәлелдемелердің саралануы

Аннотация. Мақалада әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша дәлелдемелерді саралау қарастырылған. Дәлелдеудің объективті өзгешеліктері, олардың саралау үшін негіз болатын жағдайлары ескеріле отырып зерттеулері ұсынылады. Мақалада көрсетілген дәлелдемелерді саралаудың нақты ерекшеліктері көрсетіледі және олардың нақты дәлелдемелерге мінездемесі беріледі. Сонымен қатар автормен осы саладағы ғалымдардың дәлелдемелерді саралауға арналған ой пікірлерін көрсете отырып өз пікірлерін береді. Қолданыстағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексіндегі дәлелдемелерге арналған нормаларында қарастырады. Сонымен қатар кейбір дәлелдемелерге арналған саралау белгілерінің қолданыстағы нормаларда қарастырылмаған жағдайлары көрсетілген.

Түйін сөздер: саралау, дәлелдеу процесі, дәлелдеу теориясы, алғашқы, туынды, тікелей, жанама, жеке, заттай дәлелдемелер.

Дәлелдемелерді саралау — жалпы маңызды белгілері бар, барлық дәлелдемелерді белгілі бір критерийлер бойынша бөлу, олар туралы алған білімді бір жүйеге келтіріп, бөлек дәлелдемелердің ерекшеліктерін анықтап білуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, оның тәжірибелік мағынасы маңызды болып келеді. Анықталған дәлелдемелер тобының ерекшеліктері құқық қолданушыға фактілердің дәлелденгендігі немесе дәлелденбегендігі туралы қорытынды жасауға көмегін тигізеді, ұсынымдар мен ережелерді сақтай отырып сараланған топтарға қатысты дәлелдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі басқа да процестік кодекстер секілді дәлелдемелерді саралау көзделмеген. Осыған байланысты бұл мақалада әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қолданылатын дәлелдемелердің саралануына қатысты ғалымдардың ой пікірі және дәлелдеме теориясының ережелері қарастырылады.

Дәлелдемелердің объективті өзгешеліктерін саралау үшін негіз болғанды атап айтқандар, соның ішінде А. Н. Гуцин және Ю. В. Францифоров. Осындай негіздерге олар дәлелдемелердің шығу тегі, құрылымы және функцияларын атап өтті [1]. Көрсетілген объективті өзгешеліктері дәлелдемелердің негізгі белгілерін көрсетеді және ұсынылған барлық дәлелдемелерді саралаудан көрінеді. Бұдан басқа, олар әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуде және қолданып жүрген дәлелдемелердің жаңа түрлерін анықтауға мүмкіндік береді.

Дәлелдемелердің нақты ерекшеліктеріне байланысты оларды келесі топтарға бөлуге болады: құрылу процесі бойынша — бастапқы және туынды; дәлелдемелердің мазмұны бойынша — айыптау және ақтау; дәлелдеу затының өзектілігі бойынша — тікелей және жанама; ақпаратты сақтау және беру әдісі бойынша — жеке және заттай. Осы жалпыға танылған дәлелдемелер топтарымен қатар басқа да көп түрлерге бөлінеді, олар кейбір ғалымдармен мақұлданады, ал басқаларымен қатты сынға ұшырайды.

Әкімшілік құқықта дәлелдемелер қайнар көзінің мінезі және қажетті аралық тасымалдаушы ақпараттың болуына байланысты дәлелдемелерді бастапқы және туындыға бөлу танылады. Бірінші қайнар көзден алынғандар бастапқы дәлелдемелер болып саналады: түпнұсқа құжаттар, әкімшілік құқық бұзушылық қаруы, ӘҚБтҚРК немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен әкімшілік жауаптылық көзделген құқыққа қарсы әрекеттің (әрекетсіздіктің) куәгерлері берген айғақтар; сарапшының қорытындысы. Басқа қайнар көзден іздеуші ақпаратты алғанда туынды дәлелдемелер қайнар көзі болады: құжаттардың көшірмелері; оған жағдайдың мән-жайы туралы куәгер сөзінен белгілі

болған тұлғаның айғағы; әкімшілік құқық бұзушылық орнында табылған іздердің таңбалары мен іздері. Сонымен қатар аралық және жанама қайнар көздерден алынғандар туынды дәлелдемелер болып табылады, мысалға, көрсетілімді қайталау қорытындысында немесе құжаттардың көшірмелерінен.

Бастапқы және туынды дәлелдемелердің шынайлығын құқыққолданушы іс материалдарындағы барлық осы және басқа да қорытындыларды салыстыру арқылы бағалайды.

Бастапқы және туынды дәлелдемелерді анықтау маңызды болып келеді, себебі бірінші қайнар көзден алыстаған сайын ақпараттың жойылуы және бүлінуі ол заңдылық (қайта қабылдау, ақпараттың дұрыс берілмеуі). Осыған байланысты бастапқы дәлелдемелерді алуға тырысу керек. Егер бірінші қайнар көз ақпараты белгісіз болса туынды дәлелдемелерді қолдануға болмайды. Әкімшілік ғалымдармен бұл тәртіпті сынға салу болмады, ӘҚБтҚРК-де заңнамалық бекітуді де алмады.

Кейбір ғалымдар мазмұны бойынша дәлелдемелерді айыптау және ақтау деп саралауды ұсынады [ii].

Дәлелдемелерді айыптау және ақтауға бөлудің маңыздылығы көп уақыт бойы талқыға салынған. Сөйтіп басында А. Я. Вышинский [iii], одан кейін П. В. Данисявичус бұндай бөлуді дұрыс емес деп санаған, себебін сол бір дәлелдемелердің іс бойынша дәлелдемелік фактілердің біреулер үшін айыптаушы, ал біреулері үшін ақтаушы болуы мүмкін деп көрсеткен. Бұдан басқа, дәлелдемелерді саралау сот тәжірибесін жеңілдету мақсатында оларды қорытынды бағалауға дейін өткізілу керек. Алайда дәлелдемелер ақталу немесе айыптау мінезін тек сот процесінде олардың қорытынды бағасын алғанда шығарылады.

Дәлелдеу затының өзектілігіне байланысты тікелей және жанама дәлелдемелер болып бөлінеді. Тікелей дәлелдемелер болып дәлелдеу затына кіретін, жағдай туралы ақпаратты қамтитын ақпараттар танылады (мысалы, куәгердің айғақтары (куәнің), әкімшілік құқық бұзушылық жағдайы туралы жәбірленушінің айғағы). Осылайша, ұсақ бұзақылық туралы іс бойынша осындай дәлелдемелерге оқиғаны көргендердің — куәлардың айғақтары не сыртқы бақылау камераларының жазылымдары танылады.

Тікелей дәлелдемелерді жанамадан жақсы деп растауға мүлдем болмайды. Жанама дәлелдемелер шын мәнінде тікелейден «нашар» емес. Дәлелдемелер теориясы дәлелдемелерді жақсы немесе нашар деп бөлуді мойындамайды. Әрбір дәлелдемелердің құндылығы іс жағдайына, әрбір бөлек дәлелдемелер мінезіне, іс бойынша басқада дәлелдемелердің қатынасына байланысты.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау тәжірибесі жалғыз жанама дәлелдеме іздену фактісін анықтауға жеткіліксіз екенін көрсетеді. Осылайша, мемлекеттік стандарт талаптарына автокөлік жарық құрылғылары сай еместігіне көрсететін куәнің айғақтары, егер қозғалысқа жіберілген көлік құралын техникалық бақылау акті болмаса, тікелей дәлелдеме ретінде саналуы мүмкін емес.

Өкінішке орай, қазіргі заң ғылымында жанама дәлелдемелерінің критерийі туралы бұлыңғыр. Сонымен қатар тікелей және жанама дәлелдемелерді анықтайтын заң нормалары жоқ.

Сот тәжірибесінен факт туралы тікелей ақпаратты көрсететін жағдайды тікелей дәлелдемелер деп санауға болады. Жанама дәлелдеме болып тікелей факті анықтаумен алдын ала байланысы жоқ ақпаратты айтамыз.

Тікелей және жанама дәлелдемелердің көмегімен істің жағдайын дәлелдеу жолдары бөлек. Тікелей дәлелдемені қолдану арқылы біз дәлелдеу жолын қысқартамыз, және іс бойынша жағдайды тану тез жүргізіледі. Тікелей дәлелдемелер шынайлығын анықтау жеткілікті (мысалы, бірнеше өз көзімен көрген адамдардың айғақтары), бұндай жағдайда бірнеше жанама дәлелдемелерді жинаудың керегі де жоқ. Жанама дәлелдеме көмегімен дәлелдеу жолы ұзақ және қиын. Құқық бұзушылықты жасағандығы туралы аралық фактіні шынайы анықтағанымен белгілі бір тұлға жасағандығы туралы куәландырмайды. Шынайы жағдайды анықтайтын басты факті анықтау мүмкін болатын, әр жақты

фактілерді біріктіру немесе біреуінен екіншісіне ауысу арқылы аралық фактінің байланыстарын анықтау қажет.

Ақпаратты сақтау және беру әдісі бойынша дәлелдемелер жеке және заттай болып бөлінеді. Бұл бөліну әкімшілік құқық бұзушылық тура істерді шешу үшін маңызы бар ақпараттар немесе әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасының іздері қалған — материалдық объектілер немесе адам санасына байланысты жүзеге асырылады.

Кейбір ғалымдар дәлелдеменің үшінші тобын — араласқан деп көрсетеді. Оларға сарапшының қорытындыларын жатқызады [iv]. Олай бөлу үшін негіз болып тұрғаны бұл дәлелдемелердің ерекше табиғаты саналды, себебі ақпарат бірге екі қайнар көзден алынады, жеке және заттайдан, осымен келіспеу мүмкін емес.

ӘҚБтҚРК 39-тарауындағы заңнама өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлғаның түсініктемелері, жәбірленушінің және куәнің айғақтары (767-бап); әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша дәлелдемелер ретінде құжаттардың ұғымы берілген (779-бап) — бұл дәлелдемелер «жеке» болып табылады.

ӘҚБтҚРК немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен әкімшілік жауаптылық көзделген құқық бұзушылық әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іздері, материалдық объектілерде болса, ал іс үшін маңызы бар ақпарат заттардың жеке белгілерін тікелей қабылдау жолымен түсіндірілсе, бұндай дәлелдемелер заттай деп аталады. Заттай дәлелдемелердің ұғымы ӘҚБтҚРК 777-бабында көрсетілген.

Е. В. Додин дәлелдемелерді саралауға да өз үлесін қосып ерекше саралау белгілерін атап өткен, дәлелдемелерді ол келесідей саралайды: өткен — істі қарауға дейін пайда болған дәлелдемелер; созылмалы — істі қарау барысында орын алатын дәлелдемелер [v]. Бұндай саралау негізімен келісі қиындау, бірақ ол мағыналық құрылымынан шеттетілмеген.

Т. В. Казина өз еңбектерінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша дәлелдемелердің келесі түрлерін бөліп көрсетеді: құжаттар; заттай дәлелдемелер; куә айғақтары; лауазымды адамдардың айғақтары; өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлғаның түсініктемелері, жәбірленушінің және куәнің айғақтары; пікірталас барысында жақтардың қосымша айғақтары; сарапшы қорытындысы; маман қорытындысы [vi].

ӘҚБтҚРК нормаларын жүйелік талқылауда қорытынды жасауға мүмкіндік береді, яғни заңнама дәлелдемелерді мазмұны мен мінезінің нысаны бойынша: жазбаша, электронды және ауызша деп бірнеше топқа бөлуге болатындығын көрсетеді.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена классификации доказательств в производстве по делам об административных правонарушениях. Автором исследуются объективные различия доказательств, служащих основанием для их классификации. Раскрыты конкретные особенности доказательств и подробно дана характеристика каждой группы доказательств.

RESUME

The Article is dedicated to categorizations of proofs in the administrative offenses procedure. The Author researches objective differences of proofs. Concrete particularities of proofs and features of each group of proofs are considered.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

і. Гушин А. Н., Францифоров Ю. В. Доказательства, доказывание и использование результатов оперативно-розыскной деятельности. — М., 2001. — С. 97.

-
- ii. См., напр.: Додин Е. В. Доказательства в административном процессе. — М., 1973. — С. 69-85.
- iii. Вышинский А. Я. Теория судебных доказательств в советском праве. — М., 1950. — С. 253-254.
- iv. Курылев С. В. Основы теории доказывания в советском правосудии. — Минск, 1969. — С. 174; См. также: Бахрах Д. Н. Юридический процесс и административное право. — М., 2008. — С. 589-591.
- v. Көрсетілген жұмыс.
- vi. Т. В. Казина. Классификация доказательств в производстве по делам об административных правонарушениях // Пробелы в российском законодательстве // Юридический журнал. — 2011. №. 2. — С. 282-284 // URL: <https://cyberleninka.ru/article/v/klassifikatsiya-dokazatelstv-v-proizvodstve-po-delam-ob-administrativnyh-pravonarusheniyah>. 18.03.2018.